

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ  
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
«ОРГАНИЗАЦИЯ КРАТКОСРОЧНЫХ КУРСОВ  
ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ  
«МАЛЫШКИНА ШКОЛА»**



Нұр-Сұлтан  
2020

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық қысқа мерзімді курстарын ұйымдастыру әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2020 ж – 51бет.

**Пікір жазғандар:** Жиенбаева С.Н. п.ғ.д.  
Макишева К.Б. балабақша меңгерушісі  
Жоламанова Т.Ж. әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балалар үшін «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық жазғы курстарды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепалды даярлық сыныптары/топтарының педагогтеріне, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО мен колледждердің студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2020 жылғы 2 сәуірдегі №3 хаттама).

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әр бала үшін мектепке дейінгі балалық шақтан мектепке көшу кезеңі өте күрделі кезең болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін бұл кезең айтарлықтай күрделі, себебі, ол көбінесе мектепке жеке және зияткерлік дайындықтың жеткіліксіздігіне байланысты.

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес «жазғы айларда мектепалды даярлықты күшейту» міндеті қойылды (86-тармақ).

Мектептер жанынан жазғы кезеңде 1 қыркүйектен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейін 6 жасқа толатын және ата-аналарының қалауы бойынша 1 сыныпқа баратын мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балалар үшін «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық қысқа мерзімді курстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Бұл мәселенің өзектілігі қоғамдағы әлеуметтік жағдайға және халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған тобының пайда болуына және балалардың балабақшаларға бармауы төлемақының жоғары болуына (немесе басқа себептерге) байланысты. Бастапқы мүмкіндіктерді теңестіру үшін балаларды мектепке дайындау курстарын тегін негізде ашу ұсынылды.

**Мақсаты:** «Балақайлар мектебі» курстарын ұйымдастыру және енгізу мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

### **Міндеттері:**

- балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепалды білім беру кезеңінде оқыту процесін ұйымдастыру;
- балалардың жаңа білім беру жағдайларына табысты бейімделуін, ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз ету;
- когнитивті және әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- баланың мектепте оқуға оң көзқарасын қалыптастыру.

«Балақайлар мектебі» курсының мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес ұсынылады.

### **Курстың соңында күтілетін нәтижелер:**

- мектепте оқуға қажетті базалық іскерліктерді меңгереді;
- мектептегі оқуға ауыртпалықсыз енуге мүмкіндік береді;
- мектепте оқуға тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
- қоршаған заттық әлем, табиғи және әлеуметтік орта туралы білімі кеңейеді.

## **2. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА**

### **«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ЖАЗҒЫ КУРСТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (2018. 04. 07 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).

4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы).

5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

6. Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы.

7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы).

8. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы (2019. 14. 10. Берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

9. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

10. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

### 3. «БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» КУРСТАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ҚҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Даярлық курстарының мақсаты бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық - еріктік дайындығына ықпал ететін және бірінші сынып оқушысының табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балалардың оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық қызметтегі бірлескен іс-әрекет дағдыларына тәрбиелеу (кұрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Сөйлеуді және қол мен саусақтардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.
2. Математикалық әрекет негіздерін дамыту.
3. Танымдық процестерді (ойлау, зейін, есте сақтау) және шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Курстардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикада құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады.

Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі - сабақ. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабақ т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала пайда болған міндеттерді қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

Бұл курсты ұйымдастыруда мынадай қағидалар қолданылады:

- **қол жетімділік** – түрлі деңгейдегі балаларды мектепке дайындау;
- **қызықтыру**- балалардың зейіні тұрақсыз, сондықтан әрекет түрлерін жиі ауыстыру, тапсырмаларды түрлендіру талап етіледі;
- **көрнекілік** – сабақтарда балаларға ертегі кейіпкерлері мен сүйікті ойыншықтары көрсетіледі, суреттер мен иллюстрациялар, ашық түсті үлестірмелі материалдар қолданылады;

- **баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру** – педагог баланың жүйелі түрде алға ұмтылысын қамтамасыз ету үшін оларды ескеруі тиіс;

- **жүйелілік және бірізділік** - оқу материалының жаңа элементі басқаларымен, яғни алдыңғы өткен материал кейінгі материалмен логикалық түрде байланысуы қажет;

- **жайлылық**- баланың кез келген жетістіктеріне эмоционалды-оң баға беру;

-**көркем-шығармашылық әрекет түрлерін қолдану** (ойын, музыкалық, көркем-тілдік, театрландырылған әрекет).

Оқыту барысында балалар сөздік қорын толықтырып қана қоймай, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға үйренеді, уақыт және кеңістіктік ұғымдарын зерделейді. Қолдың ұсақ моторикасын және көз бен қозғалыс үйлесімділігін дамытуға арналған жаттығулар енгізіледі. Сабақтар 5-6 жастағы балалардың әлеуметтік-адамгершілік және танымдық тәжірибесінің жеткіліксіздігін толықтыруға жәрдемдеседі.

#### **Оқытудың әдістері:**

- эвристикалық әңгіме әдісі;

- рөлдік ойын әдісі;

- ізденіс-танымдық әдісі;

- ойын әдісі;

- түсіндіру әдісі;

- «кері байланыс» әдісі.

#### **Сабақты ұйымдастырудағы оқыту тәсілдері:**

- сабақтың басталуы ерекше болуы тиіс;

- балалардың ойлау процестерін шоғырландыруға кедергі жасамау;

- балалардың жауаптарын назардан тыс қалдырмау;

- барлық әрекет түрлерінде сөйлеуді дамытуды естен шығармау;

- баланың жетістігіні қолдау.

#### ***Ойын іс-әрекетінен оқуға бірқалыпты көшу***

Сабақтарды өткізудің міндетті шарттары:

- оқыту процесінде ойын әдістерін қолдану;

- әрекет түрлерін ауыстыру;

- әр тәрбиеленушінің жеке жетістіктерін оң бағалау;

- қандай да бір белгілер мен үй тапсырмаларының болмауы.

## **4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық курстары мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған 5-6 жастағы балалар үшін ұйымдастырылады.

Қазіргі уақытта мектепалды білім беру ұйымдарының әртүрлі үлгілері бар. Тәжірибе көрсеткендей, болашақ бірінші сынып оқушысының бейімделу кезеңін жеңілдетуге мүмкіндік беретін жалпы білім беретін мектептер, лицейлер мен гимназиялар базасында мектепалды даярлық топтарын ұйымдастыру неғұрлым сұранысқа ие болып отыр.

Ұйымдастырылмаған балаларды оқыту мерзімі 2 айдан 3 айға дейін. Балаларды мектепке дайындау бойынша жазғы курстарды ұйымдастырушылар өз ресурстарын негізге ала отырып және ата-аналар қауымдастығының қалауы бойынша оқыту мерзімін өзгертуге құқылы.

Топтағы балалар саны «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы) 4-қосымшасына сәйкес анықталады және топта 25 баладан артық болмауы тиіс.

Балаларды қабылдау ата-анасының (заңды өкілдерінің) өтініші бойынша медициналық қорытынды (медициналық анықтама) негізінде жүзеге асырылады. Білім беру ұйымы мен қысқа мерзімді болатын топқа баратын баланың ата-аналары (заңды өкілдері) арасында білім беру қызметтерін ұсынуға шарт жасалады.

Болашақ бірінші сынып оқушылары мектебінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі:

- топтар 5-6 жастағы балалардан құрылады;
- оқыту ұзақтығы жазғы кезеңде 2-3 айды құрайды;
- топтардың толымдылығы - 25 адамнан аспайды;
- жұмыс тәртібі: 4 сабақтан аптасына бес күн;
- сабақтың ұзақтығы 25-30 минут

Сабақ арасындағы үзілістер 10 минут, ал екінші сабақтан кейін үзіліс (жеңіл тамақтануға) - 20 минут. Мектепте балалар ұйықтамайды, оқыту тегін.

Білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалуы тиіс: жиһаздары бар эстетикалық талғаммен безендірілген жеке кабинет (үстелдер, орындықтар, тақта); оқу-әдістемелік құралдар (плакаттар, үлестірме материалдар және т.б.); компьютер мен көшірме жасау техникасы.

Осылайша, педагогтердің негізгі күш-жігері балалардың мектепте оқуға деген ынтасын қалыптастыруға, дербес және өзгелермен де әрекет ете білуге, білуге құмарлық пен шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталуы тиіс.

## **5. БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕРІ**

30-шы жылдардың басында психолог Л. С. Выготский баланы дамытудың ертеңгі күніне бағытталған оқытуға сәйкес баланың дамуындағы оқытудың жетекші рөлі туралы идеяны негіздеді.

Баланың мектепке дайындығы мәселесі бірнеше жыл бұрын мектепке бару жасын төмендетуге байланысты туындады. Бұл мәселе тек біздің елімізде ғана емес, Еуропаның барлық елдерінде де пайда болды. Сол кезде оқытуды қай жастан бастау керек екенін, бұл процесс балаға қандай жағдайда және қашан дамуындағы бұзылыстарға әкелмейтіндігін,

денсаулыққа теріс әсер ететінін, мектепке дейінгі жас пен бастауыш мектепте оқытудағы сабақтастық тізбегін қалай құру керектігін анықтай бастады.

«Егер 5-6 жастағы бала оқу білсе, қарапайым математикалық санау негіздерін білсе және жасына қарай зияткерлік тұрғыдан дамыған болса, онда бұл оның мектепте оқуға дайын екенін білдірмейді. Психофизиологиялық дайындықты баланың физиологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуі деп есептеуге болады, ол ақыл – ой және эмоционалдық-ерік дамуының белгілі бір деңгейіне жетуі тиіс. Бала ойлау операцияларын меңгеруі, қоршаған орта заттары мен құбылыстарын жалпылай және саралай білуі, өз әрекетін жоспарлай білуі және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білуі қажет. Мектепте оқуға ынтасын, өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту және қойылған міндеттерді орындау үшін күш-жігерін көрсетуі маңызды. Сөйлеу, қарым – қатынас дағдыларының, сондай-ақ қолдың ұсақ моторикасы мен көру-қозғалыс үйлесімділігінің дамуы да маңызды» (М.М.Безруких, С.П.Ефимова «Ребенок идет в школу», Москва, АСАДЕМА, 2000 ).

Баланың дамуы ересектерге яғни, оның оқу қызметінің қалай ұйымдастырылуына байланысты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне және бағдарламаның мазмұнына қойылатын талаптар айқындалған.

«Балақайлар мектебінде» оқыту педагогтің баланы дамытуға бағытталған оқыту технологияларын, әдістемелерді, құралдарды, әдістерді педагогикалық негізде таңдауына құрылады.

5-6 жастағы балалардың мектепалды дайындық деңгейінің мазмұны:

- **физиологиялық дайындық.** Бұл аспект баланың мектепте оқуға физикалық тұрғыдан дайын болуы тиіс екенін білдіреді, яғни оның денсаулық жағдайы Бағдарламаны табысты меңгеруге мүмкіндік беруі қажет. Физиологиялық дайындық ұсақ моториканың (саусақтардың, қозғалысты үйлестіру) дамуын білдіреді; негізгі гигиеналық нормаларды сақтаудың маңыздылығын білу және түсіну; «көз – қол» қозғалыстарын үйлестіру (бала қашықтықта көзбен қабылданатын қарапайым графикалық бейнені, өрнекті, пішінді дәптерге дұрыс салады); белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттарға алаңдамай тапсырмаларды орындау, үйге өз бетімен жету;

**зияткерлік дайындық.**

Саралап қабылдауы: ұқсас заттарды шатастырмайды (шаршы, тікбұрыш және т. б., 6 және 9 сандары және т. б.).

Ерікті зейіні мен есте сақтауы:

- 3-4 секунд ішінде заттарды есте сақтайды және оларды атайды;
- тақпақтарды, жаңылтпаштар біледі;
- 10-ға дейінгі сандар тізбегін, тура және кері санауды біледі;
- ересектердің көмегімен үлгі бойынша тапсырманы орындайды;
- -, +, = таңбаларын түсініп, үйренеді.

Логикалық ойлауы: заттарды бірнеше белгілері бойынша жіктей алады.



Талдау жасауы: заттардың негізгі белгілерін және олардың арасындағы карапайым байланыстарды біледі.

Шығармашылық қиялы: сурет салу, мүсіндеу, қайшымен жұмыс жасау техникасын меңгерген; таныс әндерді айтады, ойдан әуендер шығарады.

**Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық дайындығы** мынадай дағдылар мен іскерліктер бойынша анықталады:

- оқуға ынтасы (мектепке барғысы келеді, оқудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді, жаңа білімді алуға қызығушылық танытады);

- ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай білуі (бала қарым-қатынасқа оңай түседі, ашу-ыза танытпайды, қарым-қатынастың проблемалық жағдайларынан шыға алады, ересектердің беделін мойындайды);

- басқа қоғамға (балалар) кіре білуі, өзгелермен бірге әрекет ету, топ мүдделеріне бағыну;

- логикалық ойлауды дамыту (заттарды жалпы елеулі белгілері бойынша топтарға дұрыс біріктіре білу);

- ерікті зейінді дамыту (орындалып жатқан жұмысқа 15-20 минут бойы зейін аудару қабілеті);

- ерікті есте сақтауды дамыту (жанама есте сақтау қабілеті: есте сақтайтын материалды нақты белгімен байланыстыру-сөз-сурет немесе сөз-жағдай);

- өзінің әрекеттерін бағалауға тырысады.

Курс аяқталғаннан кейін балада қалыптасады:

- когнитивті дағдылар - бұл зейін, қабылдау, сөйлеу, интеллект, есте сақтау, ойлау. Адамға бұл қабілеттер жаратылысынан беріледі, оларды сәбилік кезеңнен бастап өмір бойы дамыту маңызды;

- әлеуметтік - коммуникативтік дағдылар әлеуметтік ортаға бейімделе білуді қалыптастыруға, түрлі жағдайларда еркін қарым-қатынас жасауға, әңгімелесушіні тыңдай білуге бағытталған (сұрақтар қою және сұрақтарға жауап беру);

- шығармашылық әрекет дағдылары: қарындаш, бояулар, сазбалшық, қағаз арқылы қоршаған орта туралы өз әсерлерін жеткізе білуі. Бұл процесс оларда қуаныш, таңқалу сезімін тудырады.

## **6. АТА-АНАЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жаңартылған мазмұнын енгізу жағдайында тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекетінің маңыздылығы артады. Бұл балаларға берілетін білім сапасына ата-аналардың сұраныстарының артуына, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды әлеуметтік және педагогикалық қолдауға байланысты. Ата-аналар баласының оқу процесіне қатыса алады және қатысқысы келеді, яғни білім беру процесі барынша ашық болуы тиіс.

Ата-аналар баласын барынша қолдап отыруы керек, себебі бұрын мектепке дейінгі ұйымға бармаған балаға мектеп өміріне бейімделу кезеңіне тән мәселелерді шешу өте қиынға түседі.

«Балақайлар мектебінде» оқытудың барлық кезеңі бойы ата-аналармен байланыс жүзеге асырылады.

Ата-аналармен жұмыстың түрлері:

*жеке* - ата-аналармен әңгімелесу, жеке сұрақтар бойынша кеңес беру, телефон арқылы ата-аналармен әңгімелесу, электрондық поштаны пайдалану (мұндай мүмкіндік бар жерде), ата-аналармен хат алмасу. Осындай қарым-қатынас барысында ата-аналар баласының жетістіктері туралы ақпарат алады, оқытудың табысты болуына ықпал ететін ұсыныстар алады.

ұжымдық және топтық: сауалнама жүргізу, консультациялар (топтар бойынша) жалпы ата-аналар жиналыстары, байқаулар, бірлескен мерекелер мен ойын-сауықтар, сұрақтар мен жауаптар кеші, ата-аналар клубы, мектеп/МДҰ әкімшілігімен ата-аналардың кездесуі және т.б. Әлеуметтік желіде топтың жалпы чатын ашу, мысалы, Whatsapp, бұл педагогтерге хабарландырулар, сауалнама материалдарын, балаларды үйлеріне жеткізу бойынша түсініктемелерді және т. б. ақпараттарды орналастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке баратын кезеңде әрбір бала кез келген жаңа бастамаға сенімділік танытады және бұл баланың бойында қажетті оң қасиеттерді қалыптастыру үшін ең қолайлы мүмкіндік.

Кейбір балалардың ойында ұтылып қалғысы келмейтіні белгілі, бұл жағдайда олар жылайды, қарсылық танытады, ойыннан бас тартады. Мұндай жағдайларда балаға аяушылық білдірудің, оның айтқанына көнудің, әдейі ұтылып қалудың қажеті жоқ, керісінше баланы ұтылуға үйрету маңызды. Ойын-бұл жарыс, бәсекелестік және жеңілістер болуы мүмкін өмірлік жағдайлардың көрінісі.

Ол үшін ата-аналармен жүргізілетін барлық жұмыс серіктестік қарым-қатынаста құрылуы тиіс. Ата-аналармен сөйлескен кезде педагог пен басшылар өктемшілдік пен әдепсіздік танытпауы қажет. Даулы мәселелер туындағанда шыдамдылық, әдептілік және мәселелерді шешу жолдарын іздестіру керек.

Осылайша, мектеп пен отбасының ынтымақтастығы - бұл мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесі, ол екі тараптың да баланы зерттеуге, оның бойындағы ең жақсы қасиеттерін ашуға және дамытуға мүдделі екенін көрсетеді.

## **7. «БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» КУРСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ЖАЛПЫ СИПАТТАМА**

### ***«Қатынас» білім беру саласы***

Міндеттері:

айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу;

әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту;

ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

#### «Сөйлеуді дамыту» ҰОҚ:

- коммуникативті –тілдік, артикуляциялық дағдыларды дамыту; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- сөздік қорын байыту;
- тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- балалар көркем әдебиетінің шығармаларымен танысу арқылы ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- мәнерлеп оқу және мазмұндау, тілдік этикет біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- театрландырылған ойын әрекеті, жаттығу ойындары, имитациялық - ойындар, драматизация арқылы балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Күтілетін нәтижелер:

барлық дыбыстарды айта алады;

артикуляциясы бойынша ұқсас оқшауланған дауысты дыбыстарды ажырату;

сөздерге дыбыстық талдау жасайды;

алуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттайды;

қоршаған орта туралы түсінігі бар;

негізгі ойды дұрыс жеткізе алады;

әңгімелерді бірізді айтып береді;

әңгіменің жалғасы мен соңын құрастырады.

#### «Сауат ашу негіздері» ҰОҚ

Міндеттері:

- «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
- дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, қатаң және ұяң дауыссыздарды ажырата алу;
- дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;  
Қолды жазуға дайындау.
- жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.
- ұзын және қысқа таяқшалар мен ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Штрих салуға үйрету;

- заттардың, әріптердің, бас әріптердің элементтерінің бейнелерін сала білуге, балаға жалпы және ұсақ қол қимылдарын дамытуға, көзбен мөлшерлеуге, қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі

Күтілетін нәтижелер

қатаң және ұяң дауыссыздарды ажыратады;

үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;

түрлі сызықтар, штрихтар жүргізеді;

екпінді буынды естиді және анықтай алады.

### **«Таным» білім беру саласы**

Мақсаты коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту;
  - ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру, құрастыру, модельдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау),
  - қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;
  - коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: командада жұмыс істей білу дағдылары, өздерінің пікірлерін айту, басқа адамдардың пікірлеріне құрмет білдіру;

### **Логикасы бар «Математика негіздері» ҰОҚ**

Курс сабақтарында болашақ бірінші сынып оқушылары сандар мен белгілер еліне саяхат жасайды, «сиқырлы торкөзбен» танысады, математикалық тапсырмалармен қимылды ойындарды үйренеді.

Балалар түстерді сәйкестендіруді, геометриялық фигураларды эталон ретінде пайдалана отырып, заттардың пішінін анықтауды, заттардың сандық сипаттамаларына бағдарлауды, заттарды 10 көлемінде кері санауды, кеңістікте, жазықтықта бағдарлауды, санның пайда болуын құрастырады, «артық», «кем», «тең» ұғымдары арасындағы қатынасты орнатуды үйренеді.

#### **Логикалық ойлауды дамытуға тапсырмалар:**

логикалық байланыстар мен заңдылықтарды табады;

1-3 белгісі бойынша сәйкес келмейтін заттар тобындағы «артық» затты бөледі;

заттардың логикалық қатарын жалғастырады;

1 – 3 белгісі бойынша заттарды топтайды;

логиканы дамытатын ойын кубиктерін жинайды;

математикалық мазмұндағы жұмбақтарды, ойын-есептерді, ребустарды қолданады;

қызықты ойындар, математикалық байқаулар өткізіледі;

Математиканы оқытуға дайындық:

- берілген мөлшердегі заттарды санау және есептей алуды
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды білуді;
- ұзындығы әртүрлі заттар арасында (5 және одан да көп ) өлшемдік қатынастарды орнатуды, биіктігі, ені, жуандығы; шамасы әр түрлі заттарды өсу және кему ретімен орналастыра алуды;
- бірінші 10 саны (жеке бірліктерден) көлеміндегі сандардың және екі аз санның құрамын білуді;
- +, -, = таңбаларын біледі, әрекеттердің арифметикалық таңбаларын қолдана білуді;
  - заттардың саны мен цифрларды сәйкестендіре білуді;
  - апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуді, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйретуді;
  - геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) білуді ;
  - екі және төрт бөлікке шеңберді, төртбұрышты бөле білуді;
  - торкөз қағаз бетінде бағдарлай білуді қамтиды.

Күтілетін нәтижелер:

«бір» «біреу» сөзінің мағынасын біледі;

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;

5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай біледі;

жазық және көлемді геометриялық пішіндерді біледі және атайды;

қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды.

Осындай ұйымдастыру толыққанды даму мен тәрбиені жүзеге асыруға және ойын әрекетінде балаларды мектепте оқуға дайындауға мүмкіндік береді.

### **«Шығармашылық» білім беру саласы**

ҰОҚ: «Мүсіндеу», «Сурет салу», «Музыка»

Мақсаты шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады

Міндеттері:

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру;

балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын дамыту;

балалардың бейнелеу өнерінің түрлері туралы білімін жетілдіру (заттық сурет салу, сәндік, сюжеттік);

Күтілетін нәтижелер:

затқа қарап және түсінігі бойынша: гүлдер, көкөністер, жемістердің суреттерін салады;

суретті салуда мәнерлеу құралдарын, қазақтың ою-өрнек элементтерін қолданады;

сюжетті суреттерді салады.

### **Білім беру процесіндегі кіріктірілген тәсіл**

Педагогикалық процесс «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру мен қызмет түрлерінің кезектестігіне құрылады.

Мысалы, «Сауат ашу» сабақтарында әріптердің жеке элементтерін бейнелеу кезінде немесе штрих салу кезінде жүзеге асады

Педагог бұл дағдыларды қарапайым жиектерді (жеке элементтердің ырғақты бейнесі) әр түрлі түстерді, формасын және шамасын қолдана отырып сурет салумен бекітеді.

Әр түрлі шығармашылық тапсырмаларда жақсы меңгеру үшін әріптердің жеке элементтерін бейнелеу: үрмебұршақпен құмға әріптерді салу, таяқшадан, таспадан және т. б. әріптерді жинау. Осылайша, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру жүргізіледі. Мұқият ойластырылған сабақтар бастамашылықтың, шығармашылықтың, ақыл-ой қабілеттерінің, танымдық процестердің дамуына, балаларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалімнің кіріктірілген тәсілді қолдануы бірнеше даму міндеттерін шешетін сабақты дайындауға шығармашылықпен қарауға мүмкіндік береді.

Мұндай тәсіл оқыту процесінде балаларға қиындықты болдырмауды қамтамасыз етеді, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын табысты меңгеру үшін қолайлы психологиялық ахуал жасайды

### **«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық сыныбының сабақ кестесі (үлгі)**

Өткізу уақыты	Дни недели				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсембі	Бейсембі	Жұма
09.00-09.30	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Сөйлеуді дамыту
09.40-10.10	Математика негіздері	Математика негіздері	Логика	Математика негіздері	Құрастыру
10.30-11.00	Қоршаған ортамен танысу	Сурет салу	Мүсіндеу	Қоршаған ортамен танысу	Сурет салу
11.10-11.40	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

### **КҮНТІЗБЕЛІК – ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ Жұмыс бағдарламасы (үлгі)**

Оқыту мерзімі: 2 ай  
Апта саны :9

	Білім беру салалары	ҰОҚ (сабақ)	Апталық оқу жүктемесі	Оқу жүктемесінің жалпы көлемі
1	Денсаулық (27)	Дене шынықтыру	3	27
2	Қатынас (45)	Сауат ашу негіздері	3	27
		Сөйлеуді дамыту	2	18
3	Таным (45)	Математика негіздері	3	27
		Логика	1	9
		Құрастыру	1	9
4	Шығармашылық (45)	Сурет салу	2	18
		Мүсіндеу	1	9
		Музыка	2	18
5	«Әлеумет» (18)	Қоршаған ортамен танысу	2	18
	Қорытынды:			180

**Күнтізбелік – тақырыптық жоспар (үлгі)**  
**«Сауат ашу негіздері» (27 сағат)**

№	Мазмұны	Сағат саны
1.	Сабақтағы мінез-құлық ережесі. Біз не үшін сөйлейміз? Сөз және сөйлем? Анық сөйлеуді үйрену.	2
2.	Суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру. «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктер.	2
3.	Қарындашты дұрыс ұстау. Пішіні бойынша басып жүргізу.	2
4.	«Дауысты және дауыссыз дыбыстар». Артикуляцияны нығайту және дамыту. Жаңылтпаштар	2
5.	Сөздерді буынға бөлу. Екпін. Сөздерді дыбыстық талдау сызбадағы екпін таңбасын белгілеу	2
6.	Үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды; Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бекіту; берілген дыбысты табу, сөз ойлап табу	2
7.	Сөздерді дыбыстық талдау. Берілген дыбысқа сөзді ойлап табу. Бір дыбысты өзгерту арқылы жаңа сөздерді құру: кот - рот, кот - кит, кот - кол, рак - мак - лак, дуб - зуб.	2
8.	Күні бойғы ауа райы туралы әңгімелер құрастыру. Ұсынылған сөздердің бірінші дыбыстары бойынша атаулар құрастыру. Анық сөйлеуге үйрену. Жазу кезіндегі арқа. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау. Қаламды немесе	2

	қарындашты дұрыс ұстау.	
9.	Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Сөздердің дыбысталуына талдау жасау. Пішіні бойынша басып жүргізу. Балаларды штрихтар салуға үйрету	2
10.	Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Сөздерді буынға бөлу және буындардың санын анықтау. Штрихтау.	2
11.	Ұяң және қатаң дауысты дыбыстар Дәптердегі жұмыс. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру, қағаз бетіне бағдарлану. Пішіні бойынша басып жүргізу. Штрихтау.	2
12.	Түрлі дыбыстық құрлымдағы үш және төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Сөздерді қолдана отырып сөйлем құрастыру (су, аспан, күн, жер, тас және т.б.). Табиғаттың жазғы құбылыстарына сәйкес келетін сын есімдерді таңдау. Дәптердегі жұмыс. Қарапайым жиектерді салу.	2
13.	Сюжеттік сурет бойынша ұсыныстар, мәтін құрастыру Штрихтау	2
14.	Қайталау	1
	<b>Қорытынды:</b>	<b>27</b>

**Күнтізбелік – тақырыптық жоспар (үлгі)**  
**«Сөйлеуді дамыту» ҰОҚ (18 сағат)**

	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1	Суреттерге сүйеніп әңгіме құрастыру.	2
2	Иллюстрацияларға сүйеніп ертегіні оқу және мазмұндау. Сөздік жұмыс. Көлденең, тік және айқас сызықтармен штрихтау.	2
3	Театр. Рөлдер бойынша ертегілерді ойнау.	2
4	Берілген тақырыпқа өмірдегі эпизодтар туралы әңгімелер құрастыру.	2
5	Дыбыстарды айту. Анық сөйлеу. Есту арқылы дыбыстарды бөлу. Суреттерді бояу және штрихтау.	2
6	Артикуляцияны нығайту және дамыту. Жаңылтпаштар. Суреттерді бояу және штрихтау.	2
7	Мейірімді және сыпайы сөздер Бір-бірімен қарым-қатынас кезіндегі тілдік мінез-құлық нормалары	2



8	Мектеп қызметкерлерімен қарым-қатынас кезінде сөйлеу тәртібінің дағдыларын қалыптастыру	2
9	Көлік.Жол жүру ережелері. «Жол белгілері» ойыны	2
10	Жұмбақтарды шешу. Штрихтау	
11	Диалог- ойындар	2
12	Мазмұндау.Штрихтау	1
13	Қайталау	1
	<b>Қорытынды:</b>	<b>18</b>

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлгі)**  
**Логикамен «Математика негіздері» ҰОҚ (36 сағат)**

№	Мазмұны	Сағат саны
1.	Заттардың қасиеті. Сол, оң қол; сол жағы, оң жағы, солға қарай, оңға қарай	1
2.	Санау. Кеңістікке бағдарлану.	2
3.	1,2.цифрларымен танысу. Сандарды салыстыру. 5 көлемінде аызша санау, заттардың санымен есептеу ара қатынасы	2
4.	Жазықтыққа бағдарлау. 3,4 сандардың пайда болуымен таныстыру. 3,4 сандармен таныстыру. Оларды сымнан, таспадан құрастыру.	2
5.	Кеңістіктік туралы түсінік ( астында, үстінде, арасында, арналған).Зейінді дамытуға арналған жаттығулар.	2
6.	Екі жиын арасындағы қатынасты орнату: «кем», «артық», «тең». 5,6 сандарының және 5,6 цифрларының пайда болуымен таныстыру. Оларды құмнан, таспадан бейнелеу.	2
7.	7,8 сандар; 7,8 цифрларының пайда болуы. Оларды теңестіру үшін жиындар арасындағы арақатынасты орнату біліктерін бекіту. Заттарды белгілері бойынша: жоғары - төмен, ұзын - қысқа, тар - кең заттарды бір-біріне бастыру, қою, салу тәсілдерінің көмегімен және бірдей өлшемді қолдану арқылы салыстыру.	2
8.	Жиындар арасындағы ара қатынасты орнату, оларды теңестіру білігін бекіту. 9,10 сандарының және 9 цифрының пайда болуы мен 10 санның жазылуы. «Кем», «артық», «тең» ұғымдары арасындағы қатынасты өз бетінше белгілеу.	2
9.	Сандардың қатармен таныстыру, сандар есебі тура және кері санау.	2
10.	Оқиғалар бірідділігін анықтау	1

11.	Геометриялық фигуралармен танысу: шаршы, шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, сопақ. Жазық геометриялық фигуралармен көзбен шолып танысу: төртбұрыш, шеңбер	2
12.	«Арифметикалық есептер» ұғымымен танысу. Балаларды қосу есептерін құрастыруға үйрету. Геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту. Санауды бекіту.	2
13.	Белгіленген тәртіппен сурет геометриялық фигураларды салуға байланысты, тапсырмаларды орындау. Аталған санға дейін және одан кейін орналасқан сандарды атай білу.	2
14.	Есептің құрылымымен танысу: шарт, сұрақ. Ұсынылған сюжет пен сандар бойынша есептер құрастыруға үйрету.	2
15.	Бөліктерден фигуралар жасау және фигураларды бөліктерге бөлу	2
16.	Есеп құрастыру және шешу. Стандартты емес есептерді шеше білу. Ойын-есептерді шешу. Ұсынылған сюжеттік суреттер бойынша балалардың өз бетінше есептер құрастыруы. «Лото»-әр суретке сәйкес цифр табу.	2
17.	Есту арқылы қабылданған есептерді шешу. Логикалық ойлау есептерін шешу. Үздіксіз ирек сызықтары (толқын) бар өрнекті көшіріп жазу.	2
18.	«Фигураларға орманнан шығуға көмектес» квест ойыны	1
19.	Логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар	2
20.	Өткен материалды қайталау	1
21.	<b>Қорытынды:</b>	<b>36</b>

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлгі)**  
**«Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ**  
**(18 сағат)**

№	Мазмұны	Сағат саны
1.	Мен және менің отбасым. Менің мекен -жайым	2
2.	Мектептен үйге жол	2
3.	Бізді қоршаған әлем	2
4.	Ересектердің еңбегі. Мамандықтар	2
5.	Көлік, Көлік түрлері, жіктеу	2
6.	Байланыс құралдары	2
7.	Қазақстан Республикасының рәміздері	1
8.	Жол ережелері	2
9.	Мен және менің қалам	2
	<b>Қорытынды:</b>	<b>18</b>

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлгі)  
«Сурет салу» ҰОҚ (18 сағат)**

<b>№ п/п</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1.	«Мен мектепке барамын» карандаштармен сурет салу	2
2.	«Көңілді жаз» акварельді бояулармен сурет салу	2
3.	«Жаңбыр жауып тұр» түрлі-түсті борлармен сурет салу	1
4.	«Менің сүйікті ойыншығым» затқа қарап сурет салу	
5.	Ұжымдық жұмыс. «Менің қалам (село, ауыл)» түрлі бейнелеу құралдарымен сурет салу	2
6.	«Көлік» карандаштармен сурет салу	2
7.	Шағын топпен жұмыс. «Бақшада не өседі?» асфальтқа сурет салу	1
8.	«Мамандықтар». «Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды» тақырыбына сурет салу	2
9.	Ойдан сурет салу	2
10.	Нұр-Сұлтан - Қазақстан астанасы. Ұжымдық жұмыс	
	<b>Қорытынды:</b>	<b>18</b>

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлгі)  
«Мүсіндеу» ҰОҚ (9 сағат)**

<b>№ п/п</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1.	«Саңырауқұлақтар» - заттарды, олардың бөліктерін мүсіндеу біліктерін бекіту	1
2.	«Кірпі» - табиғи материалмен үйлестіре ермексаздан мүсіндеу	1
3.	«Жем салатын астаудағы құстар» - ұжымдық жұмыс	1
4.	«Жүзім» - ермексаздан жасалған шарларды алақан арасында домалатуға және оларды жаюға үйрету	1
5.	Көкөністер және жеміс-жидектер	1
6.	Менің сүйікті ойыншықтарым	1
7.	Хайуанаттар бағы	1
8.	«Біздің қаламыздың көшесі» ұжымдық жұмыс	1
9.	Ойдан мүсін жасау	1
	Қорытынды	9

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлгі)  
« Құрастыру» ҰОҚ (9 сағат)**

<b>№</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1.	«Үй» – қағаздан жасау	1
2.	Балабақша /мектеп (үлгі бойынша) – құрылыс материалы, конструктор	1
3.	«Кірпі»- табиғи материалдан жасау	1
4.	«Гараж» - құрылыс материалы, конструктор.	1
5.	«Желкенді кеме» – табиғи материалдан жасау	1
6.	«Бағдаршам» - қағаздан жасау	1
7.	«Көңілді торайлар» –қалдық материалдан құрастыру	1
8.	«Сүйікті ойыншықтарыма арналған қалашық» ұжымдық жұмыс - құрылыс және қалдық материалдан жасау	1
9.	«Ұшақ» - қағаздан жасау	1
	<b>Қорытынды:</b>	<b>9</b>

*Педагогтарға бірнеше күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар ұсынылды. Әрбір педагог кәсіби даярлығына байланысты, материалды өңірлік ерекшеліктерді, мектептің оқу-әдістемелік жабдықталуын және материалдық-техникалық базасын ескере отырып бейімдей алады.*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесінде балаларды мектепке дайындау ерекше орын алады. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту аясында әрбір мектеп жанынан жазғы кезеңде «ұйымдастырылмаған», яғни мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балаларға арналған мектепалды дайындық курстарын ашу қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептер жанынан «Балақайлар мектебін» ашуды ұйымдастыру — бұл бала үшін маңызды. Оның мазмұнына мектептегі оқыту элементтері кіреді. Егер ол балабақшаға барып, әлеуметік ортада, құрдастарының ортасында болуға үйренген болса да, мектеп балаларға таныс емес. Бала өзіне таныс емес жаңа ортаға түседі, онда басқа мінез-құлық ережелері, басқа күн тәртібі, одан шыдамдылық пен зейін қою талап етіледі. Және бұл да белгілі бір күйзелісті туғызады. Сондықтан мектепке дейінгі балалық шақтан мектеп өміріне өту педагогикалық тұрғыда ойластырылған болуы тиіс. «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлық қысқа мерзімді курстарының мазмұнындағы сабақтар, ойын технологияларын қолдана отырып және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі.

Баланың мектепке дайындығы туралы айтқан кезде, тек зияткерлік (болашақ бірінші сынып оқушыларының белгілі бір біліктері мен дағдылары жиынтығы) ғана емес, сонымен қатар баланың мектеп өмірінің басталуына психологиялық дайындығын білдіреді.

Баланы мектепке дайындау бойынша міндеттерді табысты іске асыру отбасынан басталады. Педагогикалық процестің әрбір қатысушысы балалармен маңызды және жауапты жұмысты жүзеге асыруда өзінің баға жетпес үлесін қосады. Осылайша, педагогикалық процестің барлық қатысушыларының ойластырылған және жүйелі қызметі баланың жеке қабілеттерін ашуға, денсаулығын нығайтуға, ой-өрісін кеңейтуге және оны 1-сыныпта оқуға тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік материалды кез келген жұмыс тәжірибесі бар педагогтар қолдана алады. Әрбір педагог әдістемелік материалды кәсіби даярлығына байланысты, өңірлік ерекшеліктерді, мектептің оқу-әдістемелік жабдықталуын және материалдық-техникалық базасын ескере отырып бейімдей алады.

## МАЗМҰНЫ

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Нормативтік - құқықтық негіздер	4
3.	Бағдарламаны құрудағы мақсаттар, міндеттер мен қағидалар	5-6
4.	Білім беру процесін ұйымдастыру	7
5.	Баланың мектепке даярлығының негізгі аспектілері	8-9
6.	Ата-аналармен ынтымақтастық	10
7.	Бағдарлама мазмұнының жалпы сипаттамасы	11-12
8.	Күнтізбелік – тақырыптық жоспарлау	13-18
9.	Қорытынды	22
10.	Қолданылған әдебиеттер	23

Қосымшалар

## Әңгімелесу тесті

Баланың психоэлеуметтік жетілу деңгейін диагностикалауға бағытталған (авторы Банков С. А.). Сауалнама барысында оқу мотивтерінің қалыптасу деңгейі анықталады.

Әңгімелесу үшін сұрақтар:

1. Сенің аты қалай?
2. Неше жастасың? Бір жылдан кейін қанша болады? Екі жылдан кейін?
3. Сен қайда тұрасың? Өз мекен-жайыңды ата.
4. Әкең, анаң кім болып жұмыс істейді?
5. Сенің ағаң немесе қарындасың бар ма?
6. Балабақшаға барасыз ба?
7. Балабақшадағы сүйікті ісіңіз?
8. Сен сурет салғанды ұнатасың ба? Бұл қарындаш қандай түсті?
9. Қазір таңертең немесе кеш пе?
10. Таңғы асты қай кезде ішесің? кешке немесе таңертең? Түскі ас, кешкі ас?
11. Қазір жыл мезгілінің қай кезеңі?
12. Неліктен қар қыста жауады ? жазда емес?
13. Жылдың қай мезгілінде ағаштарда жапырақтар пайда болады?
14. Күн мен түннің айырмашылығы неде?
15. Жаңбырдан кейін жер бетінде не қалады?
16. Қандай құстарды білесің?
17. Сен қандай жануарларды білесің?
18. Сиыр үлкен бе немесе ит үлкен бе?
19. 9 немесе 6, 5 немесе 8 қайсысы көп?
20. Мектепке өзің барғың келе ме?
21. Мектепте не қызықты болады деп ойлайсың? Неге мектепке қоңырау мен парта керек?
22. Егер абайсызда бөтен біреудің затын сындырып алсаң, не істеу керек?

### Жауаптарды бағалау:

1. Барлық сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін бала 1 балл алады.
2. Бала әр сұраққа дұрыс, бірақ толық емес жауап бергені үшін 0,5 балл ала алады.
3. № 2, 3, 21, 22 бақылау сұрақтары былайша бағаланады:  
№ 2-Егер бала қанша жаста екенін есептесе-1 балл; егер туған жылымен қоса айды есепке алып жасын атаса-3 балл;  
№ 3 - қаланың аты мен толық мекен – жайын атағаны үшін - 2 балл; толық емес-1 балл.  
№ 21-әрбір дұрыс қолдануы үшін - 1 балл;  
№ 22-дұрыс жауап үшін-1 балл.

Егер бала 21-ші сұрақ бойынша кемінде 3 балл алса, дұрыс жауап берсе, тексеру хаттамасында мектепте оқуға деген ынтасы белгіленеді.

4. «Анам дәрігер болып жұмыс істейді» қойылған сұраққа сәйкес келетін дұрыс жауап болып табылады. «Анам жұмыс істейді, жұмыста» дұрыс емес жауап деп есептеледі.

Әңгімелесу нәтижелерін бағалау: егер бала 24-29 балл алса, ол мектеп жасына жетілген болып саналады;

20-24 балл жинаған балалар орташа жетілген болып саналады;

15-20 балл жинаған балалардың психоәлеуметтік жетілу деңгейі төмен болып есептеледі.

*2 Қосымша*

## **5-6 жастағы балалардың әлеуметтік-коммуникативтік қасиеттерін дамытуға арналған ойындар**

### **«Хайуанаттар бағы»**

Мақсаты: коммуникативтік қабілеттерін дамыту, ишара мен ым тілін танып білу, денені еркін ұстау.

Ойынайтындардың саны: екі команда.

Ойынға сипаттама: командалармен ойнау қызықты. Бір команда әр түрлі жануарларды бейнелейді.

Екінші топ — көрермендер олар хайуанаттар бағын аралап «суретке түсіреді» жануарларды мақтап, жанаурлардың атауын табады. Барлық жануарлар табылған кезде командалар рөлдермен өзгереді.

Түсіндірме: балаларды қандай да бір жануардың қылығын салуға, сондай-ақ өз қалауы бойынша оған қандай да бір сипат беру үшін ынталандыру қажет.

### **«Жанды сурет»**

Мақсаты: қимылдардың мәнерлілігін, еркіндігін, коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Ойынға ұатысушылардың саны: кез келген.

Ойынға сипаттама: балалар сюжеттік көрініс жасайды және орындарында қозғалмай тұрып қалады. Олар тек жүргізуші «суреттің» атауын тапқаннан кейін ғана қалпын өзгерте алады.

Түсіндірме: ойынның негізгі мақсаты – «жанды сурет» жасау болса да, онда ортақ тіл табысуды, келісімге келуді дамытуға баса назар аударылады. Бұл ойын қарым-қатынас жасауда қиындықтарға (жанжал, ашулы, ұялшақ, тұйық) тап болған балаларға өте пайдалы. Ересек адам бақылаушы позициясын алған дұрыс. Оның араласуы тек балалар жанжал болған жағдайда ғана талап етіледі.

### **«Кинотаспа»**

Мақсаты: қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын дамыту, жадыны дамыту.

Ойынға қатысушылардың саны: топ (6-7 адам).

Ойын сипаттамасы: балалар шеңберге отырады және «бірінші сөзден» кино жасайды. Бірінші бала сөзді ойлап табады,

Екіншісі оны қайталайды және бір сөзді қосу керек,



Үшіншісі-алғашқы екі сөзді қайталайды және өз пікірін айтады,  
Төртінші-алғашқы үш сөзді қайталайды және төртінші сөзді айту және т. б. Балалар тілектерін айта отырып, олар фильмді ым және ишара арқылы көрсетеді.

Түсіндірме: кино көрсетудің орнына ойын ұсынылған сөздерді қолданып ертегі немесе әңгіме құрастыруға аяқталуы мүмкін.

### **«Мейрімді әрекет қорабы»**

Ойын мақсаты: балалардың бір-біріне деген мейірімді қарым-қатынасын тәрбиелеу, балалар ұжымында жағымды эмоционалдық көңіл-күй қалыптастыру, балаларды басқа адамдардың жасаған оң әрекеттерін байқай білуге және бағалай білуге тәрбиелеу.

Ойын сипаттамасы: педагог балаларға текшелерге толы қорапты көрсетеді, оларды төгеді және балаларға әр текшенің балалардың біреуі жасаған жақсы іс екенін елестетуді ұсынады. Ойын белгілі бір уақыт аралығында жалғасады, мысалы, бір күн. Әрбір бала кез келген жақсы іс үшін қорапқа текшені қоя алады, оны жасаған адам – бұл бала немесе басқа біреу.

Қорапқа салынған әрбір текше туралы балалар педагогқа хабарлайды, ойын аяқталғаннан кейін қорытынды шығарылады. Педагог балалармен бірге текше санын есептейді, текше қорабына салынған мейірімді іс-әрекеттер ескеріліп, талданады, осы әрекеттерді жасаған балалар үлгі ретінде мадақталады. Бір әрекет екі рет бағаланбауы тиіс.

### **«Телефон»**

Мақсаты: оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, бір-бірін ести білуін дамыту.

Ойын сипаттамасы: балалар бірінің құлағына бірі сөз айтады. Соңғысы бұл сөзді дауыстап айту керек. Содан кейін балалар қандай сөзді айту керектігін, телефонның қайда бүлінгенін анықтайды.

### **«Көңілді есеп»**

Мақсаты: қатысушылардың ішкі қобалжуын болдырмау, жаттығуды бірлесіп және бір мезгілде орындау арқылы топты біріктіру.

Ойын сипаттамасы: жүргізуші топтағы адам санынан аспайтын кез келген санды атайды. Аталған сандағы қатысушылар тұрады. Жаттығуды орындауда үйлесімділікке қол жеткізу қажет, қатысушылар кеңесуге тиіс емес. Жаттығудың психологиялық мағынасы: жаттығу қатысушыларға тапсырманы тиімді орындау мақсатында бір-бірінің ойын түсінуге мүмкіндік береді.

Талқылау: неге бастапқыда тапсырманы орындай алмады? Тапсырманы орындауға не көмектесті?

### **«Қол алысайық, достар».**

Түсіндірме:

Педагог пен балалар шеңберде, бір-бірінен аз қашықтықта, қолдарынан ұстайды. Қолдарыңызды көтеру керек, бірақ бірден емес, кезекпен. Мұғалім бастайды. Ол өз қолын жақын тұрған балаға ұсынады. Бала ересек адамның

қолын сезгеннен кейін ғана ол өз қолын көршісіне береді. Біртіндеп шеңбер тұйықталады.

#### **«Тыйым салынған қимыл»**

Мақсаты. Балаларға тәртіпті, ұйымшылдықты, тез реакция білдіру мен эмоционалды көтеріңкі-көңіл күйдің нақты ережелерімен ойнауға үйретеді.

Ойын сипаттамасы: балалар жетекшіге бетпе бет қарап тұрады. Музыка арқылы әрбір тактаның басында олар жүргізуші көрсететін қимылдарды қайталайды. Содан кейін орындауға болмайтын қимыл таңдалады. Кімде-кім бұзса, ойыннан шығарылады. Қимылды көрсету орнына цифрларды дауыстап айтуға болады.

Ойын қатысушылары тыйым салынған бір цифрдан басқасын мысалы, 5 цифрын қоспай, барлық сандарды хормен қайталайды. Балалар оны естігенде, алақандарын шапалақтауы (немесе орнында айналады) тиіс.

*3 Қосымша*

#### **Ата-аналарға арналған тест**

##### **Мектепке баруға балаңыз дайын ба?**

1. Сіздің балаңыз мектепке барғысы келеді ме?
2. Сіздің балаңызға мектепте оқу қызықты ма және ол көп нәрсені біледі ма?
3. Сіздің балаңыз 30 минут ішінде (мысалы, конструкторды жинау) көңіл бөлуді талап ететін қандай да бір әрекетпен дербес айналыса ала ма?
4. Сіздің балаңыз бейтаныс адамдардың ортасында ұялшақ емес пе?
5. Сіздің балаңыз сурет бойынша 5 сөйлемнен кем емес әңгіме құрастыра алады ма?
6. Сіздің балаңыз бірнеше өлеңдерді жатқа айтып бере ала ма?  
Ол сандар бойынша зат есімдерін өзгерте алады ма?
8. Сіздің балаңыз буынға бөліп оқи ала ма немесе бүтін сөздерді айта ала ма?
9. Сіздің балаңыз 10-ға дейін тура және кері санай ала ма?
10. Ол бірліктерді азайту немесе қосу үшін қарапайым есептерді шеше ала ма?
11. Сіздің балаңыз карандаш ұстай ала ма?
12. Ол сурет салуды және суреттерді бояуды ұнатады ма?
13. Сіздің балаңыз қайшыны және желімді (мысалы, аппликация жасау) пайдалана ала ма?
14. Ол 1 минут ішінде 5 бөліктен кесілген суретті жинай алады ма?
15. Бала жабайы және үй жануарларының атауларын біледі ме?
16. Ол түсініктерді қайталай ала ма (мысалы, қызанақ, сәбіз, пияз)?
17. Сіздің балаңыз өз бетінше сурет салуды, мозаика жинауды ұнатады ма?
18. Сіздің балаңыз ауызша нұсқауларды түсініп, дәл орындай ала ма?

Тест сұрақтарына дұрыс жауаптардың санын санаңыз.

Егер ол болса:

**15-18** балл-бала мектепке баруға дайын деп есептеуге болады. Сіз баламен босқа көп айналыспағансыз, ал егер мектеп қиындықтары пайда болса, оңай еңсеретін болады;

**10-14** балл-Сіз дұрыс жолдасыз, бала көп нәрсені үйренді, ал сіз теріске шығарған сұрақтардың мазмұны сізге одан әрі күш салуды қажет етеді;

**9 балдан** аз алса -балаға сіздің көмегіңіз қажет, басқа арнайы әдебиетті оқыңыз, баламен сабаққа көп уақыт бөліңіз және оның білмейтін сұрақтарына ерекше назар аударыңыз!